



“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Алдағы сайлаудың заңға сәйкес өтуіне, әділ әрі ашық болуына қатаң бақылау жасалады. Бұған Орталық сайлау комиссиясы және Бас прокуратура жауапты. Сайлау науқанын отандық және халықаралық байқаушылар жіті қадағалайды. Осы тұста азаматтарымыздың байқаушы ретінде белсенділік танытуы маңызды. Заңға сай барлық кандидат пен партияның бұқаралық ақпарат құралдарына шығуына бірдей мүмкіндік беріледі. Осы сайлау науқаны еліміздегі саяси мәдениеттің жоғары екенін айқын көрсетіп, қоғамымызды ұйыстыра түседі деп сенемін.

№8
(4441)
Сенбі
21 қаңтар
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



САЙЛАУ 19 НАУРЫЗДА ӨТЕДІ

Елімізде Мәжіліс пен мәслихаттарын сайлау бір күнде – 19 наурызда өтеді. Бұл ақпаратты Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) төрағасы Нұрлан Әбдіров жария етті.

2-БЕТ | САЙЛАУ - 2023



ӘУСЕЛЕСІ АСҚАН «AIR ASTANA»

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ШӘКЕНДІ НЕГЕ ШЕТКЕ ТЕБЕДІ?

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР ҚАТАРЫ АРТА МА?

Астанада «Ақылды қала» жобасы аясында жүргізіліп жатқан бастама аясында орнатылған жылы аялдамаларға сұраныс үлкен. Өйткені қытымыр аязда далада тоңып тұрғанша, жылы аялдамада күткенге не жетсін?! Оның үстіне, қоғамдық көліктер де уақытылы келе қалса мейлі ғой. Кей кезде 20 минуттан 50 минутқа дейін автобусты күтуге тура келеді. Қысқасы, қыс ауасында елордалықтардың көңілін аулайтын жылы да жайлы аялдамалар керек-ақ, бұл іске аса ма?

САНСӨЙЛЕМ

ЕЛОРДАДА

1091

АЯЛДАМА БАР. АЛ
ЖАЙЛЫ ДА ЖЫЛЫ
АЯЛДАМАНЫҢ САНЫ

162

ҚАРДЫ ТАЗАРТУ ҮШІН ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК?

САРЫАРҚА АУДАНЫ

Көшелерді тазалау:
8-778-916-89-05 – коммуналдық шаруашылық бөлімінің жетекшісі;
8-777-570-57-08 – коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы.
Орамшілік аумақты жинау:
8-778-710-91-00 – қоғамдық кеңістікті абаттандыру және дамыту бөлімінің жетекшісі;
8-707-323-08-08 – қоғамдық кеңістікті абаттандыру және дамыту бөлімінің бас маманы.

БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ

Көшелер мен тротуарларды жинау:
8-708-205-05-56 – өндіріс-техника

бөлімінің жетекшісі;
8-747-777-93-74 – өндіріс-техника бөлімінің бас маманы.

Саябақтар мен алаңдарды тазалау:

8-778-766-66-89 – өндіріс-техника бөлімінің бас маманы.

Орамшілік тазалау:

8-775-525-15-13 – абаттандыру бөлімінің бас маманы.

Тұрғын алаптардағы санитарлық жұмыстар:

8-700-700-06-55 – өндіріс-техника бөлімінің бас маманы.

«Өндіріс» тұрғын алабы бойынша тазалау:
8-701-199-61-61 – «Өндіріс» тұрғын алабының бас инспекторы.

«Кирпичный», «Казгородок» тұрғын алаптары бойынша тазалау:
8-701-233-23-33 – «Кирпичный», «Казгородок» тұрғын алаптарының бас инспекторы.

АЛМАТЫ АУДАНЫ

Үй маңындағы аумақты тазарту:
8-702-868-66-33, 8-747-032-65-07, 8-701-478-74-77.

Орталық көшелерді тазалау:

8-702-868-66-33, 8-747-032-65-07, 8-701-233-88-53 – «Железнодорожный», «Промышленный» тұрғын алаптары бойынша бас инспектор.

8-775-444-02-93 – «Мичурин», «Интернациональный», «Күйгенжар»

тұрғын алаптары бойынша бас инспектор.
8-707-170-06-94 – «Оңтүстік-шығыс» шағын ауданы бойынша бас инспектор.

ЕСІЛ АУДАНЫ

Көшелерді тазалау:
8-778-455-89-69 – өндіріс-техника бөлімінің жетекшісі;

8-778-112-23-33 – өндіріс-техника бөлімінің бас маманы.

Орамшілік тазалау:

8-701-628-46-86 – абаттандыру бөлімінің жетекшісі;

8-771-888-07-00 – абаттандыру бөлімінің бас маманы.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.64 \$ USD/KZT 462.77 ₪ RUB/KZT 6.73 ¥ CNY/KZT 68.22

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Мен Конституцияға сәйкес, Парламент палаталарының төрағаларымен, Премьер-министрмен кеңесіп, Мәжілісті тарату және мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлықтарға қол қойдым. Депутаттарға белсенді әрі жемісті жұмысы үшін алғыс айтамын. Мәжіліс пен мәслихат депутаттары еліміздегі ауқымды реформаларды іске асыруға барынша атсалысты. Олар сайлаушылармен жиі кездесу өткізді. Шалғайдағы елді мекендерге барды. Сондай-ақ жұртты толғандырған өзекті мәселелерді көтеріп, қоғамдық пікірталасқа ұйытқы болды.

Жаңадан сайланатын депутаттар да жұмысты осы қарқынмен жалғастырып, еліміздің жан-жақты жаңғыруына ерекше үлес қосады деп сенемін. Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтеді. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

Мәжілістің және мәслихаттардың кезектен тыс сайлауы – конституциялық реформаның жалғасы. Былтырғы референдумда халқымыз бұл реформаға қолдау білдірді. Соның нәтижесінде еліміз өкілді билікті жаңа, әділ әрі ашық бәсекеге жол ашатын қағида бойынша жасақтауға көшті. Енді Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізім арқылы, ал қалған 30 пайызы бір мандатты

округтерден сайланады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихат депутаттары да аралас жүйе бойынша сайланады. Депутаттардың 50 пайызы бір мандаттық жүйе арқылы, 50 пайызы партиялық тізім бойынша өтеді. Ал аудан және облыстық маңызы бар қалалардағы мәслихат сайлауында азаматтар бір мандатты округтерден шыққан кандидаттарға дауыс береді. Осылайша, Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа үлгі бойынша жасақталады. Сонда сайлаушылардың мүддесі жалпұлттық және аймақтық деңгейде толық қорғалады. Өкілді билікке түрлі көзқарастағы азаматтардың келуіне мүмкіндік туады. Азаматтық қоғамның одан әрі дамуына айтарлықтай жағдай жасалады.

Конституциялық реформа аясында саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетілді. Атап айтқанда, партия мүшелерінің санына қатысты талап өзгерді. Оның төменгі шегі төрт есе төмендеп, 20 мыңнан 5 мыңға дейін азайды. Партиялардың әр аймақтағы өкілдерінің саны кемінде 600 адам болуға тиіс еді, ал қазір 200 адамға дейін төмендеді. Осы және басқа да жүйелі шаралардың нәтижесінде елімізде көп уақыттан бері алғаш рет бірнеше жаңа саяси партия тіркелді.

Сонымен бірге сайлау бюллетеніне «бәріне қарсымын» деген бағананы енгізілуі өте маңызды шешім болды. Партиялардың Мәжіліске өтуіне қажетті дауыстың төменгі шегі 7-ден 5 пайызға дейін

азайды. Бұл да – елімізді демократияландыру жолындағы айрықша мәні бар қадам. Сайлау үдерісіне қоғамның түрлі өкілдерін барынша тарту үшін заңнамаға басқа да тың өзгерістер енгізілді. Мысалы, депутаттық мандаттың 30 пайызын әйелдерге, жастарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға бөлу заң жүзінде бекітілді. Мұның бәрі саяси бәсекені күшейтеді, саяси жүйенің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ саясаткерлердің жаңа буынының қалыптасуына жол ашады.

Алдағы сайлаудың заңға сәйкес өтуіне, әділ әрі ашық болуына қатаң бақылау жасалады. Бұған Орталық сайлау комиссиясы және Бас прокуратура жауапты. Сайлау науқанын отандық және халықаралық байқаушылар жіті қадағалайды. Осы тұста азаматтарымыздың байқаушы ретінде белсенділік танытуы маңызды. Заңға сай барлық кандидат пен партияның бұқаралық ақпарат құралдарына шығуына бірдей мүмкіндік беріледі. Осы сайлау науқаны еліміздегі саяси мәдениеттің жоғары екенін айқын көрсетіп, қоғамымызды ұйыстыра түседі деп сенемін.

Біз дамуың жаңа дәуіріне қадам бастық. Қазақстанда қарқынды және жан-жақты жаңару үдерісі жүріп жатыр. Бұл сайлау қоғамдағы өзгерістердің көрінісі ретінде саяси жүйеміздің одан әрі жаңғыруына зор ықпалын тигізеді. Мен баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, Мәжіліс пен мәслихат сайлауына белсене қатысуға шақырамын.

САЙЛАУ 19 НАУРЫЗДА ӨТЕДІ

Елімізде Мәжіліс пен мәслихаттарын сайлау бір күнде – 19 наурызда өтеді. Бұл ақпаратты Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) төрағасы Нұрлан Әбдіров жария етті.

«Мәжіліс депутаттарының, барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын бір күнде, яғни, 19 наурызда өткізу ұсынылады. Біз ОСК мүшелерімен осыны талқыладық. Облыстардың, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық сайлау комиссияларына тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын» деді ол ОСК-ның отырысында.

«Сайлау туралы» заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады. Атап айтқанда, Мәжілістің 69 депутаты – партиялық тізіммен, 29-ы бірмандаттық территориялық сайлау округі бойынша сайланады. Облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен Астана мәслихаттарының 50 пайызы мажоритарлық жүйемен, 50 пайызы партиялық тізіммен сайланады. Еліміз бойынша барлығы 223 мәслихатқа 3415 депутат сайланады.

ОСК төрағасының орынбасары Константин Петров Мәжіліс және мәслихат депутаттарына үміткерлерге қойылатын талаптар туралы айтты. «Мәжіліс депутаттарына үміткерге қойы-

латын талаптар мынадай: 25 жасқа толған, елімізде соңғы 10 жылда тұратын, бұрын сотталмаған Қазақстан Республикасының азаматы үміткер болады. Мәслихат депутаттығына 20 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы үміткер бола алады. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам және сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасауда кінәсі заңда белгіленген тәртіппен сотта анықталған адам ҚР Парламенті Мәжілісінің және мәслихатының депутаттығына кандидат бола алмайды. Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттығына үміткерлер ұсыну құқығы мына ұйымдарда болады: 1) партиялық тізімдер бойынша сайланатындар – саяси партиялар; 2) бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатындар – саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) және азаматтар өзін-өзі ұсыну арқылы сайланады» деп түсіндірді К.Петров.

Күнгізбелік жоспарға сәйкес, үміткерлерді ұсыну 20 қаңтарда басталып, 8 ақпанда аяқталады. Тіркеу мерзімі: 20 қаңтарда басталып, 18 ақпанда Астана уақытымен 18.00-де бітеді. Үгіт-насихат кезеңі 18 ақпанда кешкі сағат 18.00-де басталып, 18 наурызда түнгі сағат 00.00-де аяқталады. Сайлауда мегаполистерде 4 бюллетень, қалған өңірлерде 5 бюллетень болады. «Бәріне қарсымын» бағанасы барлық бюллетеньде көрініс табады. 18 наурыз – тыныштық күні. 19 наурыз – сайлау өтетін күні. Сайлау күні учаскелерде дауыс беру жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін жүргізіледі. Учаскелік сайлау комиссияларының сайлау учаскесінде дауыстарды санауы және дауыс беру нәтижелері туралы хаттама жасауы, егер дауыс берудің аяқталуының өзге уақыты белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады. Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлаудың жалпы ұзақтығы тағайындалған күннен бастап дауыс беру күніне дейін 59 күнге созылады.

МӘЖІЛІС ПЕН МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫНЫҢ 10 ЖАҒАЛЫҒЫ



2004 ЖЫЛДАН КЕЙІН АЛҒАШ РЕТ МӘЖІЛІСКЕ ДЕПУТАТТАР БІР МАНДАТТЫ ОКРУГ ТЕР АРҚЫЛЫ САЙЛАНАДЫ (98 ДЕПУТАТТЫҢ 29-Ы);



ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ПАРТИЯЛАР МЕН ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР АТЫНАН ҒАНА ЕМЕС, ӨЗІН-ӨЗІ ҰСЫНУҒА МҮМКІНДІК АШЫЛДЫ;



БҮЛ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУ БОЛҒАНЫМЕН, ОНЫҢ ӨТЕТІН МЕРЗІМІ ЖАРТЫ ЖЫЛ БҰРЫН БЕЛГІЛІ БОЛДЫ;



ПАРТИЯЛАРДЫҢ ПАРЛАМЕНТКЕ ӨТУІ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ТӨМЕНГІ ШЕГІ 7 ПАЙЫЗДАН 5 ПАЙЫЗҒА ТӨМЕНДЕТІЛДІ;



ӘЙЕЛДЕР, ЖАСТАР ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ МҮҚТАЖДЫҒЫ БАР АДАМДАР ҮШІН ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30 ПАЙЫЗДЫҚ КВОТА ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМ МЕН МАНДАТТАРДЫҢ БӨЛІНІСІ КЕЗІНДЕ САҚТАЛАДЫ;



МӘЖІЛІСТІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ КВОТАСЫ БОЛМАЙДЫ;



АЛҒАШ РЕТ МӘЖІЛІС ПЕН МӘСЛИХАТТАР САЙЛАУЫНДА «БӘРІНЕ ҚАРСЫМЫН» ДЕГЕН ГРАФА ЕНДІ;



САЙЛАУҒА 7 СЯСИ ПАРТИЯ ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫЛЫ. ОНЫҢ ЕКЕУІ ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ ЖАҢА НОРМАЛАРЫ КҮШІНЕ ЕНГЕННЕН КЕЙІН ТІРКЕЛДІ;



ОБЛЫСТАРДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ ЕНДІ КӘСІБИ ТҮРДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ;



САЙЛАУШЫЛАР 5 БЮЛЛЕТЕНЬ БОЙЫНША ДАУЫС БЕРЕДІ (РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДАҒЫ БЮЛЛЕТЕНЬ САНЫ ТӨРТЕУ).



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат төрағасы:

ЖАҢА ТӘРТІППЕН ӨТЕДІ

– Былтыр өткен референдумда халықтың басым бөлігі еліміздің саяси жүйесін өзгертуге қатысты бастамаларды қолдап, дауыс бергені белгілі. Соның нәтижесінде конституциялық реформалар науқаны еліміздегі саяси мәдениеттің жоғары екенін айқын көрсетіп, қоғамымызды ұйыстыра түседі деп сенемін.

Біз дамуың жаңа дәуіріне қадам бастық. Қазақстанда қарқынды және жан-жақты жаңару үдерісі жүріп жатыр. Бұл сайлау қоғамдағы өзгерістердің көрінісі ретінде саяси жүйеміздің одан әрі жаңғыруына зор ықпалын тигізеді. Мен баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, Мәжіліс пен мәслихат сайлауына белсене қатысуға шақырамын.

стардың жалғасы екені сөзсіз.

Алдағы сайлаулар жаңа тәртіппен өтеді. Мұндай өзгертуге қатысты бастамаларды қолдап, дауыс бергені белгілі. Соның нәтижесінде конституциялық реформалар науқаны еліміздегі саяси мәдениеттің жоғары екенін айқын көрсетіп, қоғамымызды ұйыстыра түседі деп сенемін.

тұрған маңызды мәселелерді шешуге және Президентіміз айқындаған басымдықтарды жүзеге асыруға тың серпін береді деп сенеміз.

Осы ретте Мәжіліс тарапымыз да, елімізде заң шығару қызметі тоқтамайтынның айрықша атап өткен жөн. Соған сәйкес қазір Парламенттің міндеті толығымен Сенатқа жүктеліп отыр. Бұл – біздің Палата үшін үлкен жауапкершілік. Алдымызда ауқымды жұмыстар тұр. Осындай маңызды кезеңде Сенат еліміздің дамуы үшін қажетті заңдарды уақтылы әрі сапалы түрде қабылдайтын болады.



Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс төрағасы:

БІР МАҚСАТҚА ЖҰМЫЛУҒА ТИІСПІЗ!

– 19 қаңтарда Парламент Мәжілісінің VII шақырылым депутаттарының өкілеттігі белес. Президент қыркүйек айында бүкіл электоралдық циклді ашық түрде жариялағанын білесіздер.

Соған сәйкес, былтыр Президент сайлауы, кеше ғана Сенат сайлауы өтті. Енді Мәжіліс пен мәслихаттардың қайта жасақталуы – заңдылық. Осылайша елдегі конституциялық реформалар жалғасады, саяси институттар жаңарады. Біздің мемлекетіміз де, қоғам да өзгеріп жатыр. Жаңа дәуірге қадам басып отырмыз. Сондықтан, Мемлекет басшысының бүгінгі шешімін толық қолдаймыз. Осы шақырылымның

мерзімі қысқа болса да, қызметі сапалы әрі мазмұнды болды деп ойлаймын. Біз халқымызбен, қоғаммен, әр азаматпен мейлінше ашық, тығыз қарым-қатынас орнатуға тырыстық. Барлық мәселеде конструктивті, белсенді жұмыс істедік. Біз Мәжіліс қабырғасында парламенттік тыңдау өткізуді дәстүрге айналдырдық. Соның екі отырысы қасиетті қаңтар оқиғасына арналды. Жұртшылықты толғандырып жүрген өзекті сұрақтарға ашық жауап берілді.

Әрине, бұл оқиға – тәуелсіздік тарихындағы ауыр сынақ. Сол қиындықтарды бүкіл ел болып, Президентімізбен бірге еңсердік. Бұл мемлекет үшін үлкен бетбұрыс

кезеңіне айналды. Бір сөзбен айтқанда, 2022 жыл мемлекеттің басқару жүйесін жаңартып-жаңғыртқан, тұтас қоғамның болмыс-бітімін түпкілікті өзгеріске ұшыратқан уақыт болғаны сөзсіз.

Құрметті достар! Баршаңыз мемлекетіміздің игілігі үшін бірге жұмыс істедік. Осы орайда Мәжіліспен тығыз байланыста болған журналистер қауымына, қоғам белсенділеріне шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Жасыратыны жоқ, осы құрамға біраз сын да айтылды. Біз сол сын-ескертпелерден қорытынды шығарып, жұртшылықтың үмітін ақтауға барынша күш салдық. Бізге сенім артқан сайлаушыларға, жалпы халқымызға деген алғысымыз шексіз. Біз алдағы уақытта да Мемлекет басшысының реформаларын табысты жүзеге асыруға күш саламыз. Енді алдымызда азаматтардың тұрмысын түзеу, әл-ауқатын жақсарту міндеті тұр. Барлығымыз осы мақсат жолында жұмылуға тиіспіз.



Ерлан ДӘКЕНОВ,
Астана қалалық мәслихаты VII шақырылымының депутаты:

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІ

– Мемлекетіміздің сайлау жүйесі өзгеріске ұшырады. Президентіміз атап өткендей, бұл – демократияландыру бағытындағы маңызды қадам. Парламент пен Үкіметтің

барлық негізгі саяси институттарын қайтадан іске қосу және жаңарту үшін қажет. Сонымен қатар барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату

туралы Жарлыққа қол қойылды. Бұл шешім түбегейлі оң өзгерістерге алып келетініне сенеміз. Жаңа Қазақстан құру жолында белсенділік танытуға шақырамын.



ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады. Президентке Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 2022 жылғы атқарған жұмыстарының негізгі қорытындысы және алдағы кезеңге арналған жоспары туралы баяндалды.

Ермек Сағымбаев былтыр арнаулы қызметті реформалау және оның жұмысын жандандыру жөніндегі Президент тапсырмасының орындалғанын жеткізді. Оның айтуынша, террористік қатерлерді азайту үшін алдын алу жұмыстары жүргізілді. 3 террорлық актіге дайындық кезеңінде тосқауыл қойылды. Кезектен тыс президенттік сайлау кезінде жаппай тәртіпсіздікті жоспарлаған радикалды топ жойылды. Лаңкестік және экстремистік қылмыстар жасағаны үшін 56 адам сотталды. Терроризм мен діни экстремизмге қатысы бар 134 шетел азаматының елге кіру әрекетінің жолы кесілді.

Мемлекет басшысына құқық қорғау органдарымен бірлесіп,

еліміздегі криминогендік жағдайды айтарлықтай жақсартқаны туралы мәлімет берілді. Аса қауіпті 15 ұйымдасқан қылмыстық топ құрықталып, олардың 56 басшысы және белсенді мүшелері ұсталды. 1100-ден астам қару, 598 граната және 31 860 оқ-дәрі заңсыз айналымнан шығарылды. Тәркіленген қарудың жартысына жуығы қаңтар оқиғасы кезінде ұрланған.

Есірткіге қарсы 130 операция жүргізілді. 1,3 тонна әртүрлі есірткі тәркіленді. Шетелдік серіктестермен бірге 96 халықаралық және өңірлік есірткі жеткізу арнасы тоқтатылды. Синтетикалық есірткі өндірісімен айналысқан 28 зертхана жойылды. 32 заңсыз көші-қон арнасының жолы кесіліп, оларды

ұйымдастырушыларға қатысты 12 қылмыстық іс қозғалды.

Мемлекеттік құпияларды қорғау жүйесін дамыту жөнінде кешенді шаралар іске асырылды. ҰҚК техникалық қызметтері аса маңызды инфрақұрылым объектілеріне жасалған 341,8 миллион кибер және 2954 DDoS-шабуылға тоқсауыл қойды. Мемлекеттік шекараны бұзған 15603 адам ұсталды. Шекара арқылы құны 21,9 миллиард теңге болатын валюта, алтын және өзге тауарларды заңсыз өткізуге жол берілмеді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Әсел Жанасованы қабылдады. Кездесу барысында Президентке ұлттық пошта операторының даму стратегиясы таныстырылды.

Әсел Жанасованың айтуынша, қаржылық жағдайды оңалту, әлеуметтік банкті дамыту және қаржылық қызметтердің рөлін күшейту, қолданыстағы инфрақұрылымдар базасында мемлекеттік қызметтерді ұсыну мүмкіндігін кеңейту, сондай-ақ электронды коммерция мен халықаралық сәлемдемелерге баса мән

бере отырып, дәстүрлі пошта бизнесінің тиімділігін арттыру «Қазпошта» жұмысының басым бағыттары болады. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа бизнеске ауылдың әрбір тұрғынына қызмет көрсету және тауар жеткізу мүмкіндігін беру үшін компанияның инфрақұрылымын, логистикалық және бөлім-

шелік желілерін дамытуға қатысты жоспары туралы мәлімет берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы аймақтардағы пошта операторы жұмысының әлеуметтік маңыздылығына назар аударып, аталған бағыттар жөніндегі стратегияны жүзеге асыру ісін жалғастыруды тапсырды.

МҰҚИЯТ ТЕРГЕУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы журналистерге қарсы бағытталған бірқатар қылмыс бойынша мұқият тергеу жүргізуді тапсырды. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай Facebook-тегі парақшасында ақпарат жариялады.

«Президент құқық қорғау органдарына журналистерге қарсы бағытталған бірқатар қылмыс бойынша мұқият тергеу

жүргізуді тапсырды. Қоғамдық қауіпсіздік пен мемлекеттің беделіне нұқсан келтіру үшін жасалған бұл заңсыз әрекет-

тердің орындаушылары ғана емес, тапсырыс берушілері де анықталуға тиіс» делінген хабарламада.

ЕРКІН ФОРМАТТАҒЫ КЕЗДЕСУ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Сарыарқа ауданының тұрғындарымен кездесіп, ашық диалог құрды.

Кездесу барысында тұрғындар ортақ мәселесін ортаға салып, шешілу жолын ұсынды. Кездесуге бас қаланың басшысы дайындықпен келгенін сездіріп, елордадағы әлеуметтік инфрақұрылым мен инженерлік желіні жетілдіру бағытында атқарылатын жұмыстарымен бөлісті.

– Халықтың сапалы өмір сүру салтына қажетті жолдар, абаттандыру, көгалдандыру сияқты өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешіледі. Жаңа оқу жылына арнап 13 мектеп салу да жоспарда бар. Білім ордалары Сарыарқа ауданында да қамтылады. Сол сияқты бірқатар медициналық мекеменің, әлеуметтік тұрғын үйлердің құрылысын жобалаймыз. Күн жылынып, көктем мезгілінің басталуымен жолдар, қоғамдық кеңістіктер (саябақтар, гүлзарлар, желек-жолдар) салу ісіне кірісеміз, – деді шаһар басшысы.

Бас қаланың әкімшілік аумағы кеңейіп, сән-салтанаты



келіскен көп қабатты тұрғын үйлердің саны артқанымен, апаттық үйлердің мәселесі толық шешілген жоқ.

– Тағы бір маңызды мәселе – апатты жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзу. Өткен жылы тозығы жеткен үйлерден 300-ден астам отбасыны көшірдік. Бұл көрсеткішті әрі қарай да сақтап, жүйелі жұмыс жүргіземіз, – деді ол.

Жеңіс Қасымбек кезде-

су барысында көтерілген мәселелерді шешуді қолға алынатынын, әрі орындалу барысын өзі жігі қадағалайтынын айтты.

Әрі мұндай еркін форматтағы кездесулер қаланың барлық ауданында тұрақты өткізілетін, оның ішінде жергілікті орындар – елді мекендер мен шағын аудандарда ұйымдастырылатыны белгілі болды.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Телефон арқылы әңгімелесу барысында Қазақстан-Ресей стратегиялық

серіктестігінің өзекті мәселелері талқыланды.

Тараптар сауда-экономикалық, энергетикалық және басқа да салалардағы байланыстарды одан әрі дамыта түсудің маңыздылығын атап өтті.

ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ – ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП

Елордада ҚР Президенті жанындағы ұлттық Комиссия өкілдерінің қатысуымен Астана әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның отырысы өтті.



Нәзік жандылардың құқықтарын қорғап, оларға әлеуметтік тұрғыдан жасалатын көмектің жолдарын оңтайландыру мәселесі басты назарға алынған бұл шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, құқық қорғаушы, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Салтанат Тұрсынбекова, сондай-ақ дағдарыс орталықтарының басшылары мен әйелдерге қатысты қоғамдық мәселелерді шешуге атсалысып жүрген белсенді әйелдер қатысты.

Талқылаудың басты тақырыбы – көмекке мұқтаж жандарға әлеуметтік жәрдем көрсету құрылымдарын қайта құру болды.

«Отбасының жағдайы оңалмай, мемлекеттің әлеуметтік

жағдайы да оңалмайды. Ал отбасы мәселесі әлеуметтік мәселе, тәрбие мәселесі, қауіпсіздік мәселесі... сияқты тақырыптарға саяды. Отбасы мәселелеріне, нәзік жандылардың ісіне үкімет айрықша көңіл бөліп отыр, алайда мұнымен мәселе түбегейлі шешілмейді. Соңғы кездері мемлекеттік органдардың функцияларын қайта қарау мәселесі өзекті тақырып болып тұр. Әсіресе, әлеуметтік салаларға жауапты органдардың жұмысы әлі де жетілдіруді қажет етеді. Менің ойымша, әкімдіктің жанынан отбасы және әйелдер ісімен айналысатын дербес бір басқарма құрылғаны дұрыс сияқты. Отбасылардағы күрделі жағдайлардың көпшілігі алкогольге, есірткіге немесе ойынға тәуелділіктен

туындайды. Жыныстық зорлық-зомбылықтың шамамен 60%-ы алкогольдің әсерінен жасалады. Есірткіні тұтынатын жастар да барған сайын көбейіп барады. Кез келген жасөспірім интернет арқылы тәулік ішінде тыйым салынған заттарды таба алады. Міне, осы мәселелерді шешу үшін тұтас қоғам осы түйінге назар аудару керек» дейді Салтанат Тұрсынбекова.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен әлеуметтік көмек мәселесінде елордада сақталып отырған түйткілді түйіндерге тоқталды.

– Әр жолы бізге көмекке мұқтаж адамдарды анықтау қиынға соғады. Өңірлерде әлеуметтік көмек көрсететін орындардың болмауына немесе аздығына байланысты өмірлік жағдайы қиын азаматтар елордаға ағылады. Сол себепті Астанада 5-8 қызметкерден тұратын көптеген басқармалар бірнеше мың адамның мәселелерімен айналысуға мәжбүр. Сондықтан көмекке мұқтаж жандар тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмек алуына барлық өңірлерде тиімді жағдай жасалуы керек, – деді әкімнің орынбасары.

Шараға қатысушылар әйелдер істері және отбасылық-демографиялық жағдайға қатысты көптеген мәселелерге қатысты ой-пікірлерін ортаға салып, оны шешудің үйлесімді жолдарын атады.

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА АЛҚА ТАҚТЫ

Есіл ауданының әкімі Асылбек Есенбаев осы ауданда тұратын 6-7 баласы бар көпбалалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапаттады. ҚР Президентінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №64 Жарлығы бойынша мемлекеттік наградалар 5 анаға берілді.

Райхан
РАХМЕТОВА

– Бүкіл жаратылысқа өмірді ана сыйлайды. Соңдықтан дана халқымыз «Жәннат анаңның аяғының астында» дейді. Сіздердің жас ұрпақты тәрбиелеп өсіруді атқарып жатқан еңбегіңізді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әлемдегі ең керемет мамандық – ана болуды таңдадыңыздар. Ана өмір, махаббат, жылу сыйлайды. Әрбір отбасындағы береке-бірлік әйелге байланысты. Көп баланы дүниеге әкеліп қана қоймай, оларды жетілдіріп, жеткізіп, дұрыс білім мен тәрбие беру мемлекетіміздің іргесін нықтауда өте маңызды әрі ол көп қажыр мен қайратты, шыдам мен сабырды, табанды еңбекті қажет етеді. Осы еңбегіңізге қарай ұрпағыңыз саналы да тәрбиелі болып өсіп, еліміздің дамуына үлес қосатын азаматтар болып шықсын. Мемлекет өз тарапынан осындай отбасыларға әлеуметтік қолдау білдіруді жалғастырады, – деді аудан әкімі.



«Алтын алқа» зейнеткер, бүгінде 65 жастан асқан елордалық Күміс Күнісова мен 38 жастағы Райгүл Матееваға берілді. Екеуінің де 7 баласы бар. Райгүл Матеева – Шығыс Қазақстан облысының тумасы. Елордада тұрғанына 15 жылдан асты. 2021 жылғы 5 ақпандағы Президент Жарлығы бойынша «Күміс алқамен» наградталған.

– Өзім шығыстан болғанмен, Шымкенттің келінімін. Ол жақта көпбалалы отбасы өте көп, яғни баланы көп туғанды құптайды. Менің де 6 қыз, 1 ұлым бар. Ең үлкені 20 жастан асса, ең кішісі – 1,5 жаста. Екеуі – студент, екеуі – мектепке, екеуі балабақшаға барады, кішкентайым қасымда. Отбасын күйеуім асырайды. Ол жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Ал мен үшін жұмыстың үлкені

– осы балалардың тәрбиесі, – дейді Райгүл.

«Күміс алқаны» 6 баласы бар аналар – 38 жастағы Даврия Ақылбаева, 34 жастағы Әлемгүл Аяс, 45 жастағы Гаухар Жарқымбаева алды. Бұл әйелдердің көбі – үй шаруасында, кейбірі ғана қызметте.

Есіл ауданы әкімдігі кадр бөлімінің бастығы Инара Серғазинаның айтуынша, елордада көпбалалы аналар саны жылдан-жылға артып келеді.

– 2019-2020 жылдары Есіл ауданы бойынша 40-50 адам ғана осындай марапат алса, бытыр 107 ананы марапаттадық. Бүгінгі марапаттау іс-шарасы биылдыққа бірінші рет өткізіліп отыр. Алдағы уақытта жыл бойына әр ай сайын көпбалалы аналарды тағы да шақырып, белгілерін тапсырып отырамыз, – дейді ол.

ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР ҚАТАРЫ АРТА МА?



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Байқоңыр ауданының тұрғыны Айзат Ибрагимова күнделікті жұмысқа қоғамдық көлікпен қатынайтынын айтты.

– А.Пушкин көшесінде «Ескек есу каналы» деген аялдама бар. Біздің үйге 40-50 метр ғана. Алайда суық күндері орталыққа қатынау үшін бұл аялдамаға бармаймын. Біріншіден, №30 және №60 автобустың жиілігі тым ұзақ. Екіншіден, ашық аялдамадан тонып қаласыз. Сол себепті 500-600 метр жердегі «Целинный» аялдасына барамын. Өйткені онда жылы аялдама бар, сосын автобус неше минутта келетінін көрсетіп тұратын монитор бар. Бұл аялдамадан №18 және №28 автобус орталыққа қатынайды, – деді қала тұрғыны.

Қала тұрғындарын алаңдататын жылы аялдама мәселесі Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында назардан тыс қалмады. Бұл сұраққа Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Жансұлтан Сапарбаев жауап берді. Оның сөзінше, 2022 жылы мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысымен «ЭКОпром Павлодар» ЖШС 40 дана көпфункционалды жылы аялдама орнатуға міндетті болса, соның

28-ін ғана іске қосты. Оның өзі стандартқа сай болмай, әлі күнге дейін есігінде құлып тұр.

Басқарма басшысы мердігер компанияны сотқа бергенін, сот процесі аяқталмай, жылы аялдамаларды іске қосу мүмкін еместігін түсіндірді.

2015 жылдан бастап Астана қаласында жылы аялдамалар салына бастады. Бүгінде жайлы да жылы аялдаманың саны 162-ге жетті. Егер елордада 1091 аялдама бар екенін есепке алатын болсақ, бұл сан аз ба, көп пе, бағамдау қиын емес секілді.

Жабық павильондар қаланың аялдама бекетіндегі жолаушы ағынына талдау жүргізу негізінде жабықталады. Яғни әлеуметтік маңызы бар нысан – білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының болуы ескеріледі. Бұл туралы Байқоңыр ауданы инфрақұрылым бөлімінің басшысы Тоқтар Хасеновтен сұрадық.

– Байқоңыр ауданының аумағында 211 аялдама бар. Оның 34-і жылы аялдама болса, 18-і біздің баланста, 10-ы инвестордың есебімен салынды. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының меншігіне 7 аялдама кіреді. Жалпы жылы аялдамалар адам қозғалысы жоғары, әлеуметтік нысандар шоғырланған аумақтарда орнатылуда. Бұл бағыттағы жұмысты

жалғастырып, аялдамаларды күтіп ұстау мен қауіпсіздігін арттыру міндеті тұр. Осы бағытта Байқоңыр ауданы әкімдігі өз балансындағы 18 жылы аялдамаға 36 бейнебақылау камерасын орнатып, аялдамадағы тәртіп пен қауіпсіздікті бақылауды жолға қойды, – деді ол.

Өткенде қоғам белсендісі Бердібек Хайы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жылы аялдамалар маскүнем үшін жаттар орынға айналды деп дабыл көтерді:

– Арқада аяз қаһарына мінген кезде ескі көлігіміңнің моторы істен шығып, Қояндыдан жұмысқа автобуспен қатынайтынды шығардым. Жүрген жерімде жылы аялдама іздейтін әдет пайда болды. Қайсысына кірсем де күлімсі иіс қолқаны қабады. Кейбірінен шыдай алмай шығып та кеттім. Өткенде таңертеңгі сағат 7-де «Шапағат» аялдасына кірсем, біреу ұйықтап жатыр. Аялдаманың ішіндегі иістен дем ала алмай, тысқа шығуға асықтым. Жылы аялдамада жағымсыз иіс болса да, баласын жетектеген ана мен қарт апа қалды. Қайтсін, аяздан тонып қалмау керек, – деп жазды.

Жылы аялдамадағы мұндай жағымсыз фактілерді жоққа шығара алмаймыз. Демек, жылы аялдамалардың санын көбейтумен қатар, ондағы тазалық пен қауіпсіздікті арттыру міндеті тұр.

Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында елорданың жаңа, бесінші ауданы мен бірқатар жобалық көшеге берілген атаулар бекітілді. Жаңа аудан Нұра аталады. Әл-Фараби даңғылы мен Мәншүк Мәметова көшесі сол жағалауға көшіріледі. Қазақтың батыр қызы атындағы бұрынғы көше енді Қарамерген атауын иеленеді. Ал Мағжан Жұмабаев даңғылы мен оның жалғасы – №23-16 көше біріктіріледі.

КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРГЕ ЕСКЕРТКІШ ОРНАТУ ҰСЫНЫЛДЫ

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысқан жиында аталмыш атаулармен қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп таныстырды. Мәслихат депутаты Гүлжамал Жапарова ұсыныстар айтты.

Ол осының алдындағы сессияда Тоқтар Әубәкіровтің атына лайықты көше беруді ұсынған еді. Аталған қысқа көше «Железнодорожный» тұрғын алабында орналасқан. Депутат бұл мәселені қайта көтерді.

– Тоқтар Әубәкіров Мәдениет және спорт министрлігі ұсынған «Тарихи тұлғалар» тізіміне енген екен. Біз министрлікке ұсыныс жасасақ қайтесіз, – деді депутат.

Оған жауап берген қала-

лық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов қазіргі заңнамаға сәйкес тірі адамға көше берілмейтінін, бұл мәселе тұлға дүниеден өткеннен бес жыл өткен соң ғана қарастырылатынын айтып, түсіндірді. Тоқтар Әубәкіров халық батыры болған соң, кезінде құрмет ретінде көше берілгенін, мәслихатта сол көшені көшіру мәселесін қарастыратынын айтты.

Гүлжамал Жапарова елордада Жұмабай Шаяхметовтің ескерткіші жоғын айта келе, орнатуды ұсынды.

– Бұл тарихи тұлға ғой. Жұмабай Шаяхметов ең күрделі кезеңдері елдің экономикасын көтерді. 1946 жылдан 1954 жылға дейін ол, Сталин айтқандай, тұңғыш ұлттық хатшы болды. Оны «Шығыс қыраны» деп атайтын. Бұл кісі ел, жер үшін өмірін қиды. Алғашқы ядролық сынақ болған күні, 1949 жылдың 29 тамызында

Семей полигонына барды. Ақыры елу жасынан енді асқанда ми ісігі ауруына шалдықты. Осындай ірі тұлға ескерткішке әбден лайық, – деді депутат.

Мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов бұл мәселені қалалық Мәдениет басқармасымен талқылау кергін атап өтті.

– Біз республикалық онмастика комиссиясына әртүрлі үш құжат жібердік. Соның екеуіне, бірнеше көше мен аудан атауына қатысты жауап келді. Комиссия отырысы әлі өтпегендіктен, тағы бір құжат сонда қалды, – деді Ерлан Каналимов.

Сессияда кадр өзгерістеріне байланысты Астана қаласы әкімдігінің дербес құрамы бекітіліп, қаланың басқару тәсіміне өзгерістер енгізілді. Тиісті баяндаманы қала әкімі аппараты басшысының орынбасары Жанасыл Шәукентаев жасады.

КӨШЕЛЕР ҚАРДАН ТАЗАРТЫЛДЫ

Елорданың барлық көшелері мен жаяу жүргіншілерге арналған жолдары қар мен мұздан тазартылып, қаланың коммуналдық қызметтері тәулік бойы, әсіресе кешкі және түнгі уақытта күшейтілген режимде жұмыс істеуде.

Астананың барлық ауданында, атап айтсақ, қоғамдық орындарда, орамшылқ аумақтарда, тротуарларда, аялдама павильондарында құм араласқан тұз қоспасын құю жұмысы жүргізіліп жатыр.

Қыс мерзімінің басынан бастап қар полигонына шамамен 2,2 млн текше метр қар мен мұз шығарылды.

Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлының айтуынша, қазір аудан аумағындағы негізгі көшелер, тротуарлар, аулалар мен орамшылқ жолдар қардан тазартылуда.

– Әсіресе халық көп жүретін жолдар мен әлеуметтік нысандардың, мәселен, балабақша, мектеп және емханалардың маңын қардан тазартуға басымдық беріліп келеді. Негізгі орталық көшелер онсыз да тап-таза. Ендігі күш балалар мен егде жастағы адамдар көбірек жүретін жолдарды тазартуға салынууда. Менің өкімім бойынша мердігерлік ұйымдарды бақылау күшейтілді, – деді аудан әкімі.

Қазіргі уақытта барлық аулалар қысқа мерзімде тазартылатын көшелерді белгілеп, арнайы кесте жасады. Егер келісімшарт бойынша атқарылатын жұмыс уақытында орындалмаса, мердігерлердің қатаң жазаланатыны ескерілді. Тайғақ жерлерде құлап, жарақат алмас үшін елорда тұрғындары мен қонақтары қозғалыс ережесін қатаң сақтауы керек. Ал айналамыздағы дүкендер,

сауда орталықтары және басқа да қоғамдық мекеме иелері өз аумақтарындағы қарды жинау, кіреберістегі мұзды және өздеріне бекітілген аумақты уақытылы тазарту жұмысын дер кезінде атқарып отырса игі.

Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты болса жеке сектор тұрғындарын өз аулаларындағы қарды жол бойына шығаруға шақырды. Жиналған қар арнайы техниканың көмегімен қала сыртындағы полигондарға жөнелтілуде. Сонымен қатар аудан бойынша көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары басталды.

Бүгінгі таңда аудан әкімдігінде су басудың алдын алу мақсатында арық-науа желісін тазарту жұмысы жүргізілуде. Осыған байланысты аудан әкімі Ерлан Жаулыбаев тұрғын үй алаптарын аралап, су басуға бейім учаскелерді көзімен көріп қайтты.

Әкім аппаратының баспасөз қызметі атап өткендей, бытыр жазда су тасқынына қарсы іс-шаралар аясында жауын-шашын мен еріген су кезеңінде су басуды болдырмау үшін арық-науа желілерін орнату бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Су тасқынына қарсы іс-шаралар кезеңінде 112 көше тазартылды. Жұмысқа 30 бірлік мамандандырылған техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 23500 шақырым арық-науа желісі тазартылып, 500 текше метр аумаққа ағаш және 1000 қап құм дайындалды.





ӘУСЕЛЕСІ АСҚАН «air astana»

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

АЙЫППҮЛ ЖАҒДАЙДЫ ТҮЗЕМЕДІ

Дегенмен кейінгі кезде әуе жолын қамтамасыз ететін ұлттық авиакомпанияларға жұртшылықтың өкпесі қара қазандай. Рейстерді кейінге қалдыру, бірнеше сағат кешігу, қауіпсіздік мәселесіндегі түйткілдердің жиі туындауы адамдарды ығыр қылып болған секілді.

Әсіресе бұрын Орталық Азияда жақсы аты шығып, жолаушылардың алғысына бөленіп жүрген «Air Astana» компаниясының кейінгі жарты жылдағы қызметіне сын ескертпе, өкпе-реніш жетіп артылады. Жолаушылар көбіне рейстің кешігуіне, ұйымдастыру жұмыстарының нашарлығы мен қызметкерлерінің дөрекілігіне, билет ақшасын қайтарудағы қиындықтарға шағымданады.

Мәселен, жолаушы Еркем Әлімұлы 18 тамызда Алматыдан Астана қаласына ұшақшы болып, бір сағат бұрын әуежайға келеді. Тіркеуден өткеннен кейін 17:10-да әуеге көтерілуі тиіс ұшағы техникалық себептерге байланысты екі сағатқа кейінге шегерілгенін біледі. Сол-ақ екен, аэровокзалда алты сағат отырады. Ал Айша Құрманғалидің жағдайы одан да күрделі. 6 қыркүйек күні Алматыдан Астанаға ұшатын «Air Astana»-ның KC 853 рейсі резерв экипажын күту деген желеумен бір тәулікке кешігеді. Алайда жолаушыларға қолданыстағы заңда қарастырылған қызметтің бірі де көрсетілмеген. Тіпті қонақүй де берілмей, әуежай вокзалының куту залында түнеп шыққан. Осыған байланысты «Air Astana» компаниясына 1000 АЕК көлемінде (3 миллион 63 мың теңге) айыппұл салынды.

«Air Astana» президенті Питер Фостер осыған қатысты мән-жайды былай түсіндірді: «Авиарейстердің кешігуі көбіне бізге байланысты болмайды. Ауа райының құбылысына біз ештеңе де істей алмаймыз. Біздің ең басты ойлайтынымыз – жолаушылардың қауіпсіздігі. Әуежайларға, ондағы қызмет көрсетушілерге біз қатаң талап қоямыз. Бәрі де заң аясында болуы керек дейміз. Авиарейс екі сағаттан артық кешіксе, ыстық тамақ берілуі керек. Балалы әйелдерді қонақүйге бірінші кезекте орналастыру мәселесі де мүлтіксіз орындалуы тиіс. Бұл жөнінде қазір әуежай қызметкерлеріне қатаң ескерілді».

Шаруаңыз шығып, сапарға шыға қалсаңыз, әуе қатынасы үлкен рөл атқаратынын әркім де мойындайды. Баратын жеріңізге әп-сәтте жетіп барасыз. Мәселен, пойызбен ең азы отыз сағат жүретін Орал қаласына ұшақпен екі сағатта, Алматыға 1 сағат 20 минутта бара қаласыз. Өзіңіз де шаршамайсыз, уақытыңыз да үнемделеді.

Дегенмен президенттің бұл «қатаң ескертуін» әуежайдағылар құлағына да ілмеген сияқты. 2022 жылғы 28 қарашада «Air Astana» АҚ-тың Астанадан Қызылорда қаласынан ұшатын KC 7315 рейсі 5 сағат 30 минутқа кешіккен. Нақтырақ айтқанда, 8:15-те ұшатын ұшақ 13:45-ке дейін әуеге көтерілмеген. Наразы жолаушылар сотқа берген.

қазақ тілінде айтыңыздар» дедім.

Ал ол орысшалап, «Мен қазақша түсінбеймін. Уақытымды алмаңыз. Орысша айтыңыз, біздің елде орыс тілі де мемлекеттік тіл» деп қанымды қайнатты.

Оған түсіндіремін деп дауысым қаттырақ шығып кетсе керек. «Мына кісі ішіп алған, маған дөрекілік көрсетті».

компанияның іс-әрекетін заңсыз деп танып, оларды 500 АЕК көлемінде айыппұл төлеуге міндеттеген.

БИЛЕТ БАҒАСЫ КҮЙІП ТҮР

Компания президенті Питер Фостер «Air Astana» мен «Fly Arystan» билеттерінің бағасын салыстырғанда айырмашылығы түрде алғанда «әлемдегі ең арзан баға» деп санайды. «Тек билеттерді алдын ала алып қойыңыздар. Неғұрлым ертерек алсаңыздар, соғұрлым билет бағасы арзанға түседі» дейді ол.

Дегенмен билет бағасын халықаралық бағытта ұшатын «Turkish Airlines» рейстерімен салыстырғанда айырмашылығы шамалы екені байқалды. Есесіне оларда қызмет көрсету сапасы өте жоғары. Ал бірақ Дубайдан ұшып келетін «Air Arabia» лоукостер билеті Оралға ұшатын «Fly Dubai»-дан екі есе арзан. Сондықтан лоукостерлерде (кейбір сервис қызметтері қысқартылған рейстер) болмаса, «Air Arabia» билеті шетел тасымалдаушыларынан арзан деп ешкім де айта алмайды.

Халықаралық рейстердің бағасы әуе компаниясына байланысты әртүрлі. Мәселен, Алматы-Лондон бағыты бойынша «Uzbekistan Airways»-та билет құны – 351 мың теңге. Ұшақ Ташкент арқылы барады. Ал «Air Astana»-дағы баға – 465 мың теңге. Сонда авиакомпания президентінің сөзі шындыққа жанаспайтыны көрінеді.

Нақтылай айтсақ, елімізде қазір төрт ірі әуе компаниясы бар. Олар: «Air Astana», «Fly Arystan», «SCAT Airlines», «Qazaq Air». Бұл жерде бәсекелестік аз екені көзге бірден ұрып тұр. Егер әуе компанияларының саны басқа мемлекеттердегідей оннан асып жығылып жатса, баға бұлай жыл сайын құбылмас еді.

Өткен жылы ішкі рейстерге баға 17,8 пайызға көтеріліпті. Бұл, түптеп келгенде, қарапайым халықтың қалтасына ауыр тиіп отыр. Әсіресе «Air Astana» әуе компаниясы монополист ретінде баға мәселесінде «өзімбілдікке» салынатыны байқалады. Сондықтан авиациялық қызметті мемлекет қатаң реттеу керек-ақ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ІШКІ РЕЙСТЕРГЕ БАҒА 17,8 ПАЙЫЗҒА КӨТЕРІЛІПТІ. БҮЛ, ТҮП- ТЕП КЕЛГЕНДЕ, ҚАРАПАЙЫМ ХА- ЛЫҚТЫҢ ҚАЛТАСЫНА АУЫР ТИІП ОТЫР. ӘСІРЕСЕ «AIR ASTANA» ӘУЕ КОМПАНИЯСЫ МОНОПОЛИСТ РЕТІН- ДЕ БАҒА МӘСЕЛЕСІНДЕ «ӨЗІМБІЛДІК- КЕ» САЛЫНАТЫНЫ БАЙҚАЛАДЫ

«Ұшақтың бір тетігінен ақау шығуына байланысты кешікті» деген себеп айтқан әуежай қызметкерлері ыстық тамақ беруді де қажет деп таппаған. Өйткені тіркеу 12:45-те басталды деп уәж айтады. Сөйтіп олар кей сәтте жауапкершіліктен құтылып кетіп жатады. Бірақ қанша жалтарғанмен, «Air Astana» мен оның еншілес кәсіпорны – «Fly Arystan»-ға 2022 жылдың шілде-қыркүйек айында 21 миллион 441 мың теңгеге жеті рет айыппұл салынды.

Орынсыз айқай-шу шығарды» деп менің үстімнен қызметтік хаттама толтырыпты.

«Әуежайға қонған бойда мені полиция бөліміне алып кетті. Қанымды тексеріп, сараптама жасады. Сөйтіп, заңды құқығымды талап етемін деп қыруар уақытымды жоғалттым» дейді жолаушы Дәуірәлі Нұрман.

Мұндай оқиға белгілі журналист Жарықпап Қалыбайдың да басынан өткен. Түркиядан Ыстанбұл-Алматы бағытында ұшып келген оған да қазақша сөйлеуді талап еткені үшін стюардессалар «ішімдік ішкен, мас» деп сотқа беріп, ызы-қиқы, айқай-шу жасаған.

Өткен жылы Қызылордадан Астанаға ұшақпен келген белгілі әнші Айгүл Елшібаеваның бортында әуеде қазақша сөйлеуді талап еткені үшін осындай «қара тізімге» кіртізілген. Бірақ бұл жолы сот әділ шешім шығарып, «авиа-

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕҢ, ПӘЛЕГЕ ҚАЛАСЫҢ

– Шымкенттен ұшып шыққаннан-ақ ұшақ салонында барлық хабарландыру орыс және ағылшын тілінде хабарланды, – дейді Дәуірәлі Нұрман. «Air Astana» АҚ – еліміздің ұлттық компаниясына қарасты кәсіпорын. Атағы да дап-дардай. Билет бағасы да арзан емес. Ал мемлекеттік тілде қызмет көрсетпейді. Менің орнымда кез келген өз ұлтын сүйетін, анасының тілін құрметтейтін адам осылай талап қояр еді. Стюардессаға қазақша сұрақ қойдым. Алғашында ол мені естімеген тәрізді елемей өтіп кетті. Екінші рет қайтып келе жатқанда әдейі тоқтатып, «Неге қазақша сөйлемейсіздер? Менің құқығымды аяққа таптап тұрсыздар. Барлық хабарландыруды бірінші

КАЛЬЯННАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Балалардың өміріне, қауіпсіздігіне қатысты мәселе қашанда өзекті. Қоғамда сәбилер, жасөспірімдер қай жағынан да ересектер тарапынан қорғауға зәру екені айтпаса да түсінікті. Өткен жолы газетімізде электронды темекілердің зияны жөнінде жазған болатынбыз. Тағы бір күрделі мәселе кальян болып отырғаны шындық. Ересектер қолданатын, ересектер көрсеткен теріс тәрбие – кальянға жеткіншектердің тартылуы.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Кальян темекі түтіні су арқылы салқындатылып, тазартылатын Шығыс темекі шегетін құрылғысы екені мәлім. Өкінішке қарай, көптеген адам оның құрамында темекі жоқ және денсаулыққа зиян тигізбейді деп санайды. Алайда темекі жапырақтарының 95 пайызы, 8 миллиграмнан астам никотин, сонымен қатар E. coli және көптеген қоздырғыш бар екенін мамандар нақты айтып отыр.


Кальянда Pseudomonas aeruginosa, Staphylococcus aureus, ашытқы, саңырауқұлақтар және улы элементтердің жоғары мөлшері бар. Мамандардың айтуынша, кальян тарту арқылы адам көптеген аурудан құтылғандай болғанмен, ол дерт жасырулы күйінде қалады.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, қазақстандық кафе-барлар шегуге тыйым салуды бұзып отыр. Олардың айтуынша, елдің бас санитарлық дәрігерінің қаулысына қарамастан, кальян өнеркәсібі – бүгінгі таңда танымал саланың бірі. Бұл шарттар мекемеде кальянға қызмет көрсету құқығына лицензия алуға қойылатын талаптарға енгізілген. Талаптарға сай ойын-сауық мекемелерінде – мейрамхана немесе кафеде, ең алдымен, кальянді пайдалануға рұқсат беретін лицензиясы болуы шарт. Кальян шегуге бөлінген аумақ мекеменің бүкіл аумағының жартысынан аспауы керек. Ал темекі шегу орындары қоршалып, онда

балалар жүрмеуі тиіс. Және тағы бір шарт – мекемелердің есігі кіріп-шығудан басқа кезде үнемі жабық тұруы қажет. Бұл шектеулер бізге дені сау ұрпақ өсіру үшін әлі де аз болып көрінеді. Бұл ретте нақты ұсыныстар мен заңдық күші бар заңнамалық қадамдар қажет. Шеттен келген қаңсықты таңсыққа айналырудың қажеті жоқ, бұған түбегейлі тосқауыл қою керек. Әйтпесе қолы бос кезде оқушыларымыз клуб кезіп, кальян тартып кетпес еді.

Астана қалалық Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының деректеріне сүйенсек, 2022 жылы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 441-бабына сәйкес 2521 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Ал 2021 жылы 2488 құқық бұзушы жауапкершілікке тартылғанын ескерсек, ойын-сауық орындары, кафелер сияқты көпшілік көп баратын қоғамдық орындарда елордалықтар тарапынан заңды бұзу көбейгенін көрсетеді.

Бұл калайда осы мәселеге қатысты заңды қатаңдату керектігін білдіреді. Мысалы, Мысырда оқу орындарынан, мешіттерден және басқа да қасиетті ғимараттардан, сондай-ақ қызмет көрсету құқығына лицензия алуға қойылатын талаптарға енгізілген. Талаптарға сай ойын-сауық мекемелерінде – мейрамхана немесе кафеде, ең алдымен, кальянді пайдалануға рұқсат беретін лицензиясы болуы шарт. Кальян шегуге бөлінген аумақ мекеменің бүкіл аумағының жартысынан аспауы керек. Ал темекі шегу орындары қоршалып, онда



№98 (4441) 21/01/2023 Сенбі

Өткен жылдың соңына таман БАҚ беттерінде «Астанадағы бірде-бір мектеп Шәкен Аймановтың есімін алғысы келмейді» деген ақпарат шықты. Көрген жерден көзі ашық, көкірегі ояу адамды селк еткізетін бұл ақпараттың шығуына бастысы мына жағдай себеп болған. Қаладағы мектептерге танымал тұлғалардың есімін беру үшін алдымен сол білім ұясы тарапынан ұсыныс түсуі керек. Ұсыныс түспесе, оған «сен мына адамның есімін мектебіңе бер» деп ешкім күштеп бұйрық бере алмайды.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жалпы Аймағамбетов министр болған тұста мектепке «қол сұғуға болмайтын» тәртіп қалыптасты. Олар қоғамнан тыс сияқты, тіпті оларға түрлі ұлттық басылымдарды, кітаптарды оқы деп айтуға да болмайды. Мынау сол өзіміз білемдіктің салдары болса керек. Сосын да Шәкен Аймановтың аты, қарапайым тілмен айтқанда, «елеулі тұлғалар» тізімінің ішінде болғанмен, бас қаладағы білім ордасының келде-бірі оның есімін алғысы келмейді. Басты себеп – осы. Ендеше неге мектептер Шәкенді шетке тебеді? Шәкен Аймановтың білім ордасына атын беретіндей салмағы жоқ па?

Қазақтың әйгілі актері, режиссер, қазақ киносының атасы, Кеңес Одағының халық әртісі атанған Шәкен Аймановтың дүниеге келгеніне келер жылы 110 жыл толады. Саналы ғұмырын ұлттық театр өнері мен кино саласының қалыптасуына және дамуына арнаған майталман – қазақ киносындағы ұлттық режиссураның дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірегей тұлға.

ШӘКЕННІ ШЕКПЕНІ

Кино саласындағы танымал тұлғалардың бірі Нұржұман Ықтымбаевтың ісі қазаққа білмейтін адам жоқ шығар, тым құрығанда кино көретін қазаққа тұр-түсі әбден таныс. Голливудта фильмге түскен тұңғыш қазақ атанған сол Нұржұман Ықтымбаев та Шәкеннің «шектенінен» шыққан.

– Мен киностудияның штатына кіргеннен кейін бір күні Шәкен аға шақырып жатыр деді, – деп бастады Нұржұман аға әңгімесін. – Ол кезде студияның көркемдік жағын басқаратын Шәкен аға директормен терезесі тең адам еді. «Бірдеңе бұлдіріп қойған жоқпын ба, бір аптаның ішінде аяқ астынан неге шақыра қалды?» деп сасып қалдым. Қорқа-қорқа кабинетіне барсам, келген бетте «әй, қалқанқұлақ жоғары шық» деді үлкен қазақы мінз танытып.

– «Қазақфильм» деген – қазақ мәдениетінің бір үлкен шаңырағы. Осы киелі шаңыраққа жақында шатпен актер етіп қабылдадық. Енді сендер осы киностудияның штатындағы актер деген атты абыроймен алып жүріңдер. Дубляждан жалақыңды аласың, түсіп жатсаң, кинодан да ақша табасың. Ол



ШӘКЕНДІ НЕГЕ ШЕТКЕ ТЕБЕДІ?

ОНЫ ТАНЫМАЙТЫН ҰСТАЗ БЕН ҰРПАҚ ПАЙДА БОЛУЫ БІЛІМ РЕФОРМАСЫНЫҢ «ЖЕМИСІ» МЕ?

үшін дұрыс жүру керек, – деді. Ол кісінің айтқаны – заң. Мақұл деп шығып кеттім. Бірақ екі-үш күннен кейін көшеде келе жатсам, үш орыс жігіті тонамақ болып маған жабылды. Бірақ мен де бой бермей, қарсыласып, төбелесіп едім, бір көзім көгеріп қалды. Ерtesi студияға келсем, соны Шәкен аға көріп қойып: «мынау бет кімдікі?» деп сұрады, ойымда ештеңе жоқ, «өзімдікі ғой, аға» деп едім, «жоқ, бұл бет – сенің бетің емес, халықтың беті. Ендігі халықтың мүлкіне зиян келтірсең, онда мен сені аямаймын, жұмыстан кетесің» деді. Шошып кеттім, «аға, енді тыныш жүрем» деп уәде бердім.

Бір күні Әзірбайжан Мәмбетов кездесіп қалып, «сен маған кел, театрдың қыр-сырын білесің, үйренесің, театр кинодан арқан бойы жоғары нәрсе ғой» деді. Ол кісі Қазақ драма театрының режиссері еді. Мен де қызықтым. «Аға, шын айтасыз ба, аласыз ба?» деп едім, «Шын, алам» деді. Содан киностудияның кадрлар бөліміне барып, документтерімді жинаттым. Аралықта дубляж болды да, соған кіріп кетіп, қайта шықсам, Шәкен аға шақырып жатыр деді, барсам, кадрлар бөлімінің бастығы отыр екен. Шәкен аға бірден «сенің жаныңа не зорлық туды, неге кетем деп жүрсің?» деп шүйілді де, кадрлар бөлімінің бастығына бұрылып, «егер мына қалқанқұлақтың документін беретін болсаң, сен де жұмыстан кетесің. Екеуіңді бірдей қуып шығам. Қалқанқұлақ менің рұқсатсыз ешқандай кетпейді» деді. Ана кісі шығып кетті. «Қалқанқұлақ, сен отыр» деп мені алып қалып, былай деп ақыл айтқаны бүгінге дейін есімде, – деді Нұржұман аға дауысы дірілдеп.

– Сенің бақытың – осы кинода. Мен адам танысам, сенің бақытың да, өмірің де, болашағың да осы кинодан, – деді. Сонымен Шәкен ағаның ақылымен киностудияда қалдым.

«Қазақфильмде» ол кезде кинопроба деген бар еді, рөлдерге актер таңдау үшін жарысқа түсіретін. Сол кезде «Атаманның ақырындағы» Әкімнің рөліне Шәкен аға жарысқа түсірмей-ақ мені таңдап алды. Содан Әкімнің шұңқырға құлайтын жері бар ғой, түсірілім кезінде шұңқырын қазып дайындап қойды да, киноны түсірмей бір-екі күн өтіп кетті. Шәкен ағадан қашан түсіреміз десем, «түсіреміз ғой» дейді де қояды. Бір күні «Аға, мен дайынмын ғой, қашан түсіресіз?» деп шындап сұрап едім, «әй, анау каскадерлер келмей жатыр» деді. «Олар қай жақтан келеді?» десем, «Мәскеуден» дейді. «Ой, аға, аттан құлағанды өзім-ақ қатырам ғой, оған басқа адам не керек, талай аттан құладық қой» десем, «Жоқ, актерлерге болмайды» деп басын шайқады. Ақыры көндірдім, бірақ жығыла-

тын шұңқырымды көрейін деп келсем, Шәкен аға шұңқырға матрас сияқты жұмсақ нәрселерді төсетіп қойыпты. «Аға, мұныңыз не, мен мұның ішіне ұйықтаймын ба?» десем, «Денең ауырмасын деп төсетіп қойдым» дейді. «Жоқ, болмайды, мен құлағанда бұрқ етіп шаң шығу керек қой» деп алдырып тастадым. Бірінші рет ат жығылғанда, мен өзім жығылмай жүгіріп кетіппін. Шәкен аға ішегі қатып күліп жатыр. «Әй, қалқанқұлақ, оқ тиген адам жүгіріп кете ме, қайтадан түсір дұрыс болды. Шұңқырдың ішінде шаң-шаң боп жатсам, Шәкен аға қобалжып кетсе керек, шұңқырдан өзі тартып шығарды. Сол кезде қайдан пайда болғанын білмеймін, «мынау киелі қол мені талай жерге апаратын шығар» деп ойлап үлгердім. Солай болды да.

Шәкен ағаман өте жақын болдым. Ол кісі мандолинамен өлең айтады, мен домбырамен айтам. Көп бірге жүрдік. Үйіне шақырып алатын. Жастар театрында «Абайдың жастық шағын» қойды ғой, сол спектакльден мені бір күн қалдырған емес, шақыртып алатын.

СОЛ ДЕНГЕЙГЕ ЖЕТЕ АЛМАЙ ЖҮРМІЗ

– Шәкен Аймановтың кезінде киноның өресі өте жоғары еді. Өткенде Олжас Сүлейменовтен «сіз неге сценарий жазбайсыз?» деп журналистер сұрап жатыр. Сонда Олжас «Абдолла тіріліп келсе, мен жазар едім» деп жауап берді. Сол Олжас айтқандай, Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Сұлтан Қожықов, Шәріп Бейсенбаев, Абдолла Қарсақбаев

бір-бір төбе еді. Қазір заман басқа, еркіндік бар, не жазам, не қоям деп ешкімге жалтақтамайсың. Кезінде түсірілген кинолардың көбін кесіп-кесіп тастап, жұрнағы ғана қалатын. Сондықтан қазіргі кинолар мен Шәкен ағалар жасаған дүниені салыстыруға келмейді. Қазіргі киноларды «Атаманның ақыры», «Менің атым Қожа», «Қыз Жібекке» жақындата алмай жүрміз. Режиссурамыз саяз, – деп қазіргі киноөнердің кемшілігін де атап өткен Нұржұман Ықтымбаев «Көп уақытым жоқ, Шәкен аға деген соң ғана келісіп, сізге уақыт бөліп тұрмын» деп әңгіменің нүктесін қойды.

«АТАМАННЫҢ АҚЫРЫ» АЯҚСЫЗ ҚАЛҒАН ЖОҚ

Әрине, Нұржұман Ықтымбаев айтып отырған «Атаманның ақыры» – қазақ кино қоржынына теңдессіз олжа болып қосылған қомақты туынды. Айтулы фильм отандық кинематография тарихына детектив жанрында түсірілген тұңғыш кинокартина ретінде енуімен құнды болса, екіншіден, ол Шәкен Аймановтың соңғы түсірілген бұл фильмі Шәкен Айманов түсірген екі сериямен аяқталған жоқ. Атап айтқанда, осы еңбектің жалғасы ретінде 1977 жылы «Транссібір экспресі», 1989 жылы «Манчжурлық нұсқа» фильмдері түсірілсе, 2010 жылы Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ «ИЗАРУС-фильм» кинокомпаниясымен бірлесе отырып, «Сіз кімсіз, Ка мырза?» атты фильмінің тұсауын кесті. Оқиға сюжетіндегі жалғастық

тұрғысынан алып айтсақ, бұл фильм де аты аңызға айналған тыңшы Шадиаров жайындағы туындылардың тақырыптық көбін кесіп-кесіп тастап, жұрнағы ғана қалатын. Сондықтан қазіргі кинолар мен Шәкен ағалар жасаған дүниені салыстыруға келмейді. Қазіргі киноларды «Атаманның ақыры», «Менің атым Қожа», «Қыз Жібекке» жақындата алмай жүрміз. Режиссурамыз саяз, – деп қазіргі киноөнердің кемшілігін де атап өткен Нұржұман Ықтымбаев «Көп уақытым жоқ, Шәкен аға деген соң ғана келісіп, сізге уақыт бөліп тұрмын» деп әңгіменің нүктесін қойды.

ШӘКЕН АЙМАНОВ КІМ?

Ғұмырында 14 фильм түсіріп, 20-дан астам кейіпкердің рөлін сомдаған Шәкеннің азан шақырып қойған аты – Шаһкерім. 1914 жылы Баянауылда дүниеге келген ол 1924 жылы Семейге барып, алғашында Қазкоммунаға, кейін Қазақ халық ағарту институтына оқуға түссе, 1928 жылы Семейдегі мұғалімдер техникумында білім алды. Осы арада Ғабит Мүсіреповтің көзіне түсіп, Алматыдағы кәсіби театрда оқығанмен, оны толық аяқтаған жоқ.

Шәкен Аймановтың алғашқы баспадағы театрдан басталды. Осы өнерде жүріп, өз талантын әйгілей білген ол кейін кино өнеріне көшті. Шәкен Аймановтың киноға келу тарихы да қызық. Бұл туралы ол өз естелігінде: «1937 бәрі тарқатылып қойғанын, массовкада сарбаздың қатарында болуымды өтінді. Сарбаз болса несі бар. Өзіме костюм дайындап, опа-далапты да өзім әзірледім. Сол күні мені түсіріп алды. Сол күннен бастап менің киноға де-

ҚАЗАҚТЫҢ ӘЙГІЛІ АКТЕРІ, РЕЖИССЕР, ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ АТАСЫ, КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ХАЛЫҚ ӘРТІСІ АТАНҒАН ШӘКЕН АЙМАНОВТЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ КЕЛЕР ЖЫЛЫ 110 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ҰЛТТЫҚ ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН КИНО САЛАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЖӘНЕ ДАМУЫНА АРНАҒАН МАЙТАЛМАН – ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РЕЖИССУРАНЫҢ ДАМУЫНА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСҚАН БІРЕГЕЙ ТҰЛҒА

ген ерекше махаббатым оянды. Әрбір дүйсенбі күні кино түсіру алаңына келіп жүрдім. «Алда тағы кино түсіретін болсам, саған міндетті түрде рөл беремін» деп өз уәдесін берді М.Левин. Режиссер өз уәдесінде тұрды. Мұхтар Әуезовтің сценарийі бойынша түсірілген «Райхан» фильмінде Сәрсеннің рөліне бекітті. Осылайша, мен кино актері болдым» деп жазады. Болашақ режиссердің қызығайтатын ойнаған рөлі – «Абай әніндегі» Шәріп бейнесі. «Абай әніне» Шәкенді алып келген Қалибек Қуанышбаев болды. Аймановтың бағын жандырған рөлдің бірі – Жамбыл бейнесі. Жамбыл рөліне Шәкен Аймановтың бекітілуінің өзі бірталай әңгімеге арқау боларлықтай еді. Әуелде режиссерге Шаймұхамедтің рөлі тиген екен. Түсірілім бастала бастаған Е.Арон Аймановтың ерекше талантын байқап, басты рөлді оған тапсырған.

1945 жылдан 1952 жылға дейін Қазақстанның киноиндустриясы тоқтап қалды. Мықты режиссерлердің көбі Алматыны тастап, орталыққа кетті, бос қалған павильондар мен цехтарда жұмыс істейтін кадрлар жоқтың қасы еді. Кино өнері дәл осындай тұралап тұрған сәтте Айманов сияқты тұлғалардың келуі қазақ киноөнерін қайта түлетті. Шәкен Айманов 1953-70 жылдар аралығында «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарып, қазақ киноөнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Қазақстан Кинематографистер одағын ұйымдастыруға қатысып, одақ басқармасының бірінші хатшысы (1958-70) қызметін атқарды.

Шәкен Айманов белгілі биші Шара Жиенқұлованың сіндісі Хадисаға үйленіп, одан Мұрат есімді бір ұл сүйген. Хадисаның біріңкесінен сүйген қызы Майраны да бауырына басып, бұландатып өсірді. Ал күйеу баласы – Асанәлі Әшімов. Тағдыр Шәкен Аймановтың бір басына барлық дарынды үйіп-төгіп берген. Театрда, кино саласында өшпес із қалдырған Шәкеннің әншілік өнері де бір төбе. Себебі жұрт арасында қазақтың халық әні – «Жиырма бес» пен «Екі жиренді» Шәкендей ешкім орындай алған жоқ деген сөз көп айтылады. «Атаманның ақыры» фильмінде де «Жиырма бес» орындаған Шәкен Аймановтың өзі болатын.


КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1952) және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының (1968) лауреаты атанған Шәкен Айманов Мәскеуде жол апатынан қайтыс болып, Алматы қаласында жерленді. 1984 жылдан бастап «Қазақфильм» студиясы Айманов есімімен аталды. Ол тұрған үй мен киностудия ғимаратына мемориалдық тақта орнатылды. Алматы, Астана қалаларынан көше берілді.



#КЕРЕККЕҢЕС

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ: НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында Қазақстан халқына зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар пакеті ұсынылды. Алдағы уақытта осы салада қандай жаңалықтар енгізілетіні туралы Астана қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау Комитетінің Департамент басшысы Қанат Тоқтыбаев түсініктеме берді.



ОТБАСЫНЫҢ САНДЫҚ КАРТАСЫН ЕНГІЗУ

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде отбасының цифрлық картасын енгізу басталды. Отбасының сандық картасы – бұл күнделікті электронды азаматтардың құқықтары туралы хабардар етуші бір немесе басқа түрді алуға кепілдендірілген мемлекеттік қолдау әлеуметтік байланысты мәртебесі.

ОЛ ҚАЛАЙ ЖҮМЫС ІСТЕЙДІ?

Бастапқы кезеңде отбасылардың әл-ауқатының деңгейі анықталды және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылды. Қазірдің өзінде цифрлық отбасы картасында шамамен 6 миллион отбасы және олардың 19 миллион мүшесінің мәліметтері жинақталды. Карта деректері отбасы және оның мүшелерінің мәртебесі өзгерген сайын жаңартылып тұрады.

1. Әлеуетті алушыға мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқық белгіленген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін SMS-хабарлама жіберіледі.

2. Келісімді алғаннан кейін әлеуметтік жәрдемақы, төлемдер немесе мемлекеттік қолдаудың өзге де түрлерін тағайындау жүзеге асырылады, содан кейін алушының банктік шотына аударылады.

Жоба кезең-кезеңімен іске асырылатын болады:

- 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің тоғыз түрі бойынша жаңа форматта қызметтер алу мүмкіндігі ұсынылды;

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтер тізбесі кеңейтілді;

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізілетін болады;

- 2025 жылдан бастап жыл ішінде мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылатын болады.

БАЛА КҮТІМІ КЕЗЕҢІ БІР ЖАСТАН 1,5 ЖАСҚА ДЕЙІН АРТАДЫ

Бұл норма жұмыс істейтін ата-аналарға да, жұмыс істемейтін ата-аналарға да қатысты. Бұл құқықты жарты миллионға дейін ата-ана пайдаланады. Бұл ретте бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеуге үміткер әрбір ата-ана оның әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі неғұрлым көп болса, төлем мөлшері соғұрлым жоғары болатынын білуі тиіс. Бүгінде ол ӘСҚ-қа аударымдар жүргізілген табыстың 40%-ын құрайды. Жұмыс істемейтін немесе бала туылғанға дейінгі соңғы екі жылда алты айдан аз жұмыс өтілі бар ата-аналар жәрдемақылар мен төлемдерді тек мемлекеттік бюджеттен талап ете алады.

ӘЙЕЛДЕР 61 ЖАСЫНДА ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒАДЫ

Зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру шараларының бірі – 2023 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасын 61 жас деңгейінде жоспарланған арттыруды бес жылға тоқтата тұру. Бұл шара коронавирус пандемиясының азаматтардың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығына теріс әсерін ескере отырып қабылданды. Келесі бес жыл ішінде денсаулық сақтау жүйесін жақсарту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Бұл ретте ауыл медицинасына, азаматтардың денсаулығын қалпына келтіруге және қолдауға бағытталған оңалту орталықтарының желісін құруға және кеңейтуге ерекше назар аударылатын болады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ ӨСЕДІ

Зейнетақы төлемдерін кезең-кезеңмен өсіру, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2027 жылға дейін ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін 54-тен 70%-ға дейін-ең төменгі күнкөріс деңгейінен, ең

жоғары-тиісінше 100-ден 120%-ға дейін жеткізу көзделеді. Осы кезеңде базалық зейнетақы мөлшері орта есеппен 51%-ға дейін жоғарылайды. Бұл ретте базалық зейнетақының орташа мөлшерінің жыл сайынғы өсуі шамамен 13%-ын құрайтын болады және барлық 2 млн зейнеткерге қатысты болады. Ұсынылып отырған шаралар 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақыны орта есеппен 27%-ға (үш жыл ішінде 109 мың теңгеден 138 мың теңгеге дейін) арттыруға және жиынтық зейнетақыдағы мемлекеттік төлемдердің үлес салмағын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, мемлекет қарт адамдар арасында кедейліктің өсуіне жол бермеу бойынша міндеттемелер қабылдайды.

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІН АРТТЫРУ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында ЕТЖ 70 мың теңгеге дейін ұлғайтылатынын айтты. Бұл ЕТЖ деңгейінде жалақы алатын 1,8 млн адамды тікелей қамтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ разрядтар мен қызметкерлердің біліктілігінің еңбекақының өсуіне әсерін ескере отырып, ЕТЖ-дан жоғары деңгейде жалақы алатын азаматтардың табысын арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы Үкіметке динамикалық тәсілге негізделген және негізгі экономикалық көрсеткіштерді ескеретін ең төменгі жалақыны айқындау әдістемесін енгізуді тапсырды.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Жаңа нормаларға сәйкес, осы санаттағы отбасыларды қолдау үшін бала күтімін жүзеге асыратын ата-ана еңбек қызметін қайта бастаған жағдайда төлемдер тоқтатылмайды. Олар республикалық бюджеттен төленетін жәрдемақы мөлшерінде жүргізілетін болады.

Дайындаған
Айгүл АЛЬЖАКСИНА



ЕЛОРДА БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫМЕН ЕРЕКШЕ

Елорда болғандықтан, арман қуып басқа өңірлердің жастары астанаға көп келеді. Қазіргі таңда астанада 63 мың студент білім алуда. Оның ішінде 37 мың студент басқа өңірлерден келген. 2022 жылы қаламыздағы 14-29 жас аралығындағы жастар саны 232 мың адам болса, 35 жасқа дейінгі жастар саны шамамен 400-450 мыңға дейін жетті. Елорда жастарының келбеті қандай? Оларды қандай ортақ мақсат жұмылдырады? Бұл туралы Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров айтып берді.

– Негізгі жастар саясаты саласы қандай бағыттар бойынша жұмыс істейді?

– Басқарма жұмыспен, тұрғын үймен қамту, білім беру, жас отбасылармен жұмыс, нашақорлыққа қарсы шаралар, жастардың спорттық және шығармашылық жағынан дамуына көңіл бөледі. Мысал ретінде бірнешеуін атап өтейін. Басқарманың бірнеше жыл қатарынан іске асырылып келе жатқан жобасы – «Жасыл ел». 2021 жылы 1956 жасөспірімдер мен жастар жұмыспен қамтылса, 2022 жылы квота 4200-ге дейін өсті. Оның ішінде жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 111 адам осы жоба аясында жұмыс істеді. 2021 жылдан «Жасыл ел» сарбаздары алатын сыйлақ мөлшері де 35 мыңнан 64 мың теңгеге дейін өсті. Биыл да жұмыстар жалғасады. Әдеттегідей мамыр-маусым айларында қабылдауды бастау жоспарланған.

Жұмысымыздың басты бағыттарының бірі – волонтерлік қызмет. 2020 жылдан бері қалалық волонтерлер штабы жұмыс істейді. Жас волонтерді қызметке қабылдауға бұрын ол «Еріктілер мектебінен» өтеді. Бұл волонтерлерді әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды өткізуге дайындауға мүмкіндік береді. Бағдарламада ел тарихын білу, алғашқы медициналық көмек көрсету, әртүрлі елдердің менталитетін зерттеу, жанжалдарды шешу модульдері енгізілген. Әрине, бұл жұмысымыздың 1%-на да жетпес. Жұмыстың бағытына байланысты жоспарлап отырған басқа да бірқатар шаралар мен жобалар бар.

– Елорда жастарының келбеті қандай? Оларды қандай ортақ мақсат жұмылдырады?

– Жастардың жалпы келбетін қалыптастыратын болсақ, орташа жасы 23-24 жастағы, жұмыс істейтін, білімді, трендтегі, патриот, болашаққа деген нақты көзқарасы бар қыздар мен жігіттерді көз алдыма елестеткім келеді. Сонымен

қатар, қазіргі таңда жастардың қоғам өміріне белсене атсалысып жүргенін атап өткім келеді. Оны өз жағмыздан жастардың волонтерлік қызметке қатысуынан көріп жүрміз. Қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі концерт, жарыстар, жиын, кездесулерде олар өте белсенді. Сондықтан, олардың ортақ мақсаттары ретінде қоғамдық өмірге белсене атсалысу деп айта аламын.

Қазіргі таңда ең басты мәселе – баспана. Басқарма тарапынан бұл бағыттағы жұмыстар бақылауда. Отбасы банкімен бірлескен «Елорда жастары» жеңілдетілген несие беру және Жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға пәтер беру бағдарламалары бар. Биыл да жалғасын табатын болады.

– Олардың қызығушылығы, арман мақсаттары, мамандық таңдауы бойынша қандай өзгерістер бар?

– Негізгі әр адамның арманы, мақсаттары әртүрлі келеді ғой, сондықтан ол жағын болжау қиын. Бірақ студенттер бойынша ақпаратқа сәйкес, бірінші курс студенттерінің ішінде ең танымал мамандықтар: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша мамандықтарда – 3739, бизнес, басқару және құқық саласында – 2912, инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларында 2470 жас оқып жатыр.

Қазіргі жастар өздеріне не керектігін біледі. Біздің мақсатымыз – дұрыс бағыт-бағдар беру, кеңесімзді айту, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан бағдарламаларды жеткізу. Осы орайда Жастарға қызмет көрсету орталықтары туралы қоса кетейін. Қаламыздың 4 ауданында 5 Жастарға қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Олар жастар арасында мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру және кеңінен тарату мақсатында ашылған. Мұнда «Отбасы» банкінің, Жұмыспен қамту орталығының, «Астана жастары» орталығының қызметкерлері кеңес береді.

Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

2023 жылғы 17 қаңтарда Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында аумақтық, учаскелік, округтік сайлау комиссияларының мүшесі сайланды.

Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №№ 303/38-VII, 304/38-VII, 305/82-VII, 306/38-VII шешімдеріне сәйкес Астана қаласының аумақтық, учаскелік, округтік сайлау комиссияларының сайланған мүшелері болып мынадай азаматтар есептелсін:

№ 1 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Шаменов Мерей Ерболұлы - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Рыжков Вячеслав Васильевич - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Иманбаева Динара Қыдырбайқызы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Абдуалиева Дамиля Мұратқызы - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Калиева Гүлнұр Досанқызы - «Керемет жол» Республикалық ҚБ

№ 2 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жолмағанбетова Айсара Жандарбекқызы - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Мұқашева Мадина Әнұрбекқызы - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Исмаилова Мадина Тоқтамысқызы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Шабаев Айдар Алибекұлы - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Байбеков Сейдикасым Ниязбекұлы - «Алтын Демеу» ҚБ-нен

№ 1 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Мендибаева Аида Сериковна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Айдынұлы Айбын - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Абдрахманова Венера Габбасовна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Карашева Гулнұр Жаксылықовна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Колумбаева Зауреш Ермаковна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ

№ 2 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Орлова Евгения Александровна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Нурғалиев Ғайса Манасович - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Бекенова Сапура Мухамедияновна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Шанабаева Гульсара Айтпаевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Бисенбаева Сауле Габдуллаевна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ

№ 3 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Шахметова Клара Арыстанбековна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Кириллов Дмитрий Васильевич - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Чекалова Айман Токимовна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Александрова Зарина Харизовна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Шушакова Жанат Газезовна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен

№ 4 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Тлеккали Еркеғали Нұрғалиұлы - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Мысыр Олжас Дәуренұлы - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Байманов Исламбек Айдарұлы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Байжанова Алтынгүл - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Болсынбекова Амира Аташевна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен

№ 5 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Есенгелді Дария Мейрамбекқызы - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Уалиева Лейла Сакеновна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Кошембаева Гульсум Мадиевна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Гук Светлана Юрьевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Бегерстанова Дамель Хаскирбаевна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен

№ 6 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Магауин Женис Тезекбаевич - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Жұман Айгүл Темірханқызы - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Тыйыштықбайқызы Еркежан - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Садыков Болат Ерденевич - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Аникеев Артем Викторович - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен

№ 7 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Абильякимова Алмагүл Куандықовна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Аипов Айтмағамбет Какимович - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Абильдин Нурмухан Сейтханович - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Есимханова Бибигүл Каткеновна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Булучевский Александр Алексеевич - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен

№ 8 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Ташенова Марзия Акимовна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Утешова Эльвира Аралбаевна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Садвокасов Еркнат Айтпаевич - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Козыбаева Нургүл Дуйсенбаевна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Саятулаев Канагат Туремуратович - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен

№ 9 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Дюсенбаева Ляззат Серикбаевна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Сержан Саяхат - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан

Нуржанова Айсулу Саметовна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Жүнісбекова Айгүл Абдрейжановна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Ералиев Темур Барат угли - «Алтын - Демеу» ҚБ-нен

№ 10 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жаксыбаев Кайсар Серикович - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Дюсенбаева Шынар Сабитовна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Бедылханов Ағзам Ардақұлы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Абишев Ерғали Қажығалиұлы - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Сарбасова Армангүл Акимжановна - «Алтын - Демеу» ҚБ-нен

№ 11 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Туребеков Берик Жолмуханович - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Жакенова Роза Аскарловна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Досжанов Олжас Бейсенбекұлы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Бейсенов Канат Ахметович - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Рахметова Меруерт Елеусизовна - «Алтын - Демеу» ҚБ-нен

№ 12 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Карменова Куралай Сериковна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Данииров Канатбек Серикпаевич - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Какимова Шнар Елтаевна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Избасарова Батима Тулеуовна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Калиева Багила Сағидоллаевна - «Алтын - Демеу» ҚБ-нен

№ 13 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Рахимов Арман Бекбулатович - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Соғумбаев Алишер Жанатович - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Ержанова Жаннұр Ержанқызы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Айкенова Гульмира Зейнеллаевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Серикова Асия Максұтовна - «Алтын - Демеу» ҚБ-нен

№ 14 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Касенова Бақыт Макзумовна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Чулкова Наталья Юрьевна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Кардыбаева Мария Сергеевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Джандаев Мурат Жакенович - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Бекмадиева Айша Айтжановна - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№ 15 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Абишев Шалкар Тураргажыевич - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Амиржанова Жанар Муханбетжановна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Дуйсенбаев Дархан Мерекебаевич - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен
Тыныштық Назгүл Рүстемқызы - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен
Мұхтаров Райымбек Қанатұлы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен

№ 16 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Бимендин Булат Дусимбекович - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Шоханов Асет Канатович - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Бижанова Сания Багдаулетовна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Ермек Айжан Ержанқызы - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен
Жумақанова Аккумис Кайратовна - «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

№ 17 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Каскатаев Даулет Галимжанович - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Макенова Толкын Есимовна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Кадырхан Диана Кадырханқызы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Сайфулина Кулыша Балтановна - «Ассоциация Қазақстан әйелдері» ҚБ-нен
Алтаева Гаухар Ерсайновна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен

АСТАНА ҚАЛАСЫ «АЛМАТЫ» АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Малицкая Анель Викторовна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Ермағамбет Ертуған Ермағамбетұлы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен

АСТАНА ҚАЛАСЫ «БАЙҚОҢЫР» АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Ибраимов Дамир Маулиджанович - «Диалог- Астана» ҚБ-нен
Рашид Ұлбосын Рашидқызы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Абишев Нурбол Мухамбетнурович - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

АСТАНА ҚАЛАСЫ «ЕСІЛ» АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Акбаровна Гульвирам Маркинжановна - «Алтын - Демеу» ҚБ-нен

АСТАНА ҚАЛАСЫ «САРЫАРҚА» АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Евниев Руслан Арманович - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен

№1 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Бегалиева Гүлдана Мархабайқызы - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен
Саурыков Еркебулан Муратханович - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен

№2 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Акимжанова Базар Исламовна - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен
Карбозова Мейрамкуль Тлеубердиевна - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№6 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Алағозова Жаная Қуанышбайқызы - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№7 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Шокатова Сағдат Қажымқановна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Шакенова Сағым Сағатовна - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№8 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Алимхан Гүлмира Ордабекқызы - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Серікбай Елдос Қайратұлы - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№9 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Мурзахметов Галым Сейлбекович - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен
Шағырова Дидар Мылтықбайқызы - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен

№11 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Ногербек Гульжанат Иманбаевна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Сабирғалиева Эльмира Жанатовна - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен
Сидоркин Владимир Юрьевич - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№12 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Саналиев Гали Ершетаевич - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№13 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Базарханова Динара Думанқызы - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№14 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Тургынбаев Серик Сайлыбайұлы - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№15 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Джайлаубаева Гульдана Жанатовна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Хаменова Динара Кайратовна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен

№16 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Хайрулина Салтанат Булатовна - «Диалог- Астана» ҚБ-нен

№17 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Субебаева Айман Даулеткановна - «Қоғамдық жастар қозғалысы «ҚАРСЫ» ҚБ-нен

№18 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Баймухаметова Галия Сериковна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен

№19 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Таупекова Роза Рахимовна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Шакиров Ергнат Токтарович - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№20 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Турашев Нуржан Сабитович - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен

№21 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Леничек Егор Николаевич - «АМАНАТ» партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Жұмағазина Жаная Асқарқызы - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№23 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Муканов Қадирғазы Камалович - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Касенова Асель Қасымовна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Дәнебеков Мағжан Жандосұлы - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен
Бутабаева Макпал Ермуратовна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Махамбетова Анар Ергалиевна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен
Садвокасова Эльмира Кенжеғалиевна - «Диалог- Астана» ҚБ-нен

№24 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Мухаметказинов Баймурат Таттимбетович - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Тиштеннова Анар Калихайдаровна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Омарова Айгүл Меирамбековна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Өтеген Манзура Өтегенқызы - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен
Плалов Нурхат Турсынбекович - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№25 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Смайлов Досмұқан Сейтұлы - «Диалог- Астана» ҚБ-нен

№26 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Турзукова Карина Евгеньевна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№27 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Рыжков Валерий Вячеславович - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Жанабергенова Мағриза Алмашевна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен

Ибраева Лола Гапаровна - «Диалог -Астана» ҚБ-нен
Абдуова Лиана Маратовна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№33 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Сайдалинова Ляззат Кипшақпайовна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Ақшалова Баян Сартаевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№45 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Ақмағанбетов Асқат Асқарұлы - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Ибраимова Дильда Сериковна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Мақаш Ләззат Серікқызы - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен
Ержанова Жанат Жумкеновна - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен

№47 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Кнәз Сапархан Қалдыбайұлы - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№48 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Глеубергенова Каламкас Сериковна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан

№49 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жетыбаева Шолпан Дуйсебековна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Құлахмет Ақтоты Әлиханқызы - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан

№50 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Нұрқасымов Дәурен Әбілғазыұлы - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен

№51 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жолдас Рабиға Исламқызы - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Орманова Улан Адильбековна - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№53 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Габбасова Карина - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен

№54 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Мурзабаева Асия Султанғалиевна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен
Ботабекова Кымбат Болатбековна - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№55 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Бегалы Айжан Алмасбекқызы - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Самарханова Аяя Алтаевна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№56 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Камешева Замзагуль Кайриденовна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№57 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Рахимжанова Жангуль Айтжановна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Сараев Дмитрий Андреевич - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№60 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Исмаилова Айжан Бектасовна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Орынбаева Аймгуль Адилевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Тығымбаев Танирберген Айтбаевич - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Есбай Гүлнафис Талғатқызы - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен
Әбділда Сайлау Алпысбайұлы - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№61 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Құлмағанбетова Замзагуль Рыспаевна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Умиров Баглан Бердибаевич - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Сыздықова Ботағоз Амангелдиновна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Болекбай Амангелды Қалыбекович - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен
Қырғызбай Еркебулан Жолдықожаұлы - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Дәулетов Орынбасар Дәулетұлы - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен
Секенова Динара Бауржановна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен
Мусаханова Жаркынай Махмудалиевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№62 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Байзульдинов Марат Бекболатұлы - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Омарканова Лена Алеуметовна - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен
Донбай Айсулу Базарбайқызы - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Сүлейменова Асемгуль Еркемовна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Кожаметова Шолпан Олжекеновна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№64 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Назымбекова Дамира Нурлановна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Акисенова Гулсезим Канаткалиевна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№66 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Қартбаев Азамат Ерханұлы - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Кокисhev Данияр Кажикакимович - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№67 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Оспанова Лаура Канатовна - «Ассоциация Қазақстан әйелдері» ҚБ-нен
Дагис Жанарбек - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Ахмет Шыңғыс Тайжанұлы - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Яковлева Екатерина Леонидовна - «Астана қаласы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ-нен

№68 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Алитуриева Ляйля Жақсыбаевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№69 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Янке Татьяна Михайловна - «Астана қаласы бойынша Іскер

әйелдер қауымдастығы» ҚБ-нен

Мукашев Дархан Билялович - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№70 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Мусиев Абылайхан Боранбаевич - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Дунаев Бодин Фуркоевич - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен
Сұлтан Нүркен Асхатұлы - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№71 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Сапар Айгерім Шыңғысқызы - «Ассоциация Қазақстан әйелдері» ҚБ-нен

№72 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жұмабеков Ануар Серікұлы - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№75 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Құлумбаева Мерейім Нұрғалиқызы - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен
Олжабаев Дархан Сабитұлы - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№76 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Ахметов Мейрам Ибрагимович - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Матышева Сандугаш Тезекбаевна - «Астана қаласы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ-нен
Мендібай Гүлнар Қарабайқызы - «Ассоциация Қазақстан әйелдері» ҚБ-нен

№77 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Дүкенбаева Мақпал Ерғалиқызы - «Ассоциация Қазақстан әйелдері» ҚБ-нен

№78 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Искакова Ақмарал Толынбекқызы - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен

№79 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Баймукушова Раушан Тоинбековна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Ермағамбетова Мариям Жамбуловна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Бучинская Ольга Адамовна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Дедюхина Елена Юрьевна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Карпеченко Ксения Леонидовна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен
Шопенова Лаззат Газизовна - «Астана қаласы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ-нен
Герасименко Татьяна Викторовна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Шөпен Айгерім Есенқызы - «Ассоциация Қазақстан әйелдері» ҚБ-нен
Темиртанова Улжан Кайроллиновна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Қабажай Жансая Асланқызы - «Қоғамдық жастар қозғалысы «ҚАРСЫ» ҚБ-нен
Жерняк Анастасия Геннадиевна - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№80 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Қожабекова Ақерке Бақытқызы - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Аманбаева Гульжан Тулохановна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ өңірлік филиалынан
Бережная Лилия Шамильевна - «Керемет жол» Республикалық ҚБ-нен
Махметова Айслу Аскеровна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен
Саломатова Ирина Анатольевна - «Астана қаласы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ-нен
Серикбаева Ризагуль Александровна - «Арнау» Даму орталығы» ҚБ-нен
Молдабаева Гульнар Кабылқайровна - «Жастар серпілісі» ҚБ-нен
Тоймағанбетова Сауле Болатовна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен
Сарсенбекова Альбина Нурлановна - «ҚАРСЫ» Қоғамдық жастар қозғалысы ҚБ-нен
Воловецкая Людмила Геннадьевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Мағауова Арман Берикқызы - «Ассоциация Қазақстан әйелдері» ҚБ-нен

№83 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Баймағамбетова Лаура Кенжахановна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Садырова Саягуль Муратовна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№84 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Шахметова Жибек Досюповна - «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ Астана қалалық филиалынан
Досжанова Шынар Айдарбековна - «Береке Астана» Мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен
Племяникова Маргарита Анатольевна - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№85 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Закирина Динара Кайсашовна - «Ассоциация Қазақстан әйелдері» ҚБ-нен
